

А.А. Букаева*, Г.О. Сыздықова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: anar-bukaeva@mail.ru

Қазақ заңгерлік дискурсындағы «қылмыс» концептісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ заңгерлік дискурсындағы «қылмыс» концептісі лингвомәдениеттану тұрғысында сараланады. Заңгерлік дискурстың қоғам өміріндегі әлеуметтік қатынастарды реттеу және бақылау мақсатында іске асырылатыны, қоғам мүшелерінің белгілі бір мәдени құндылықтарымен байланысты болатыны әрі тілдің семантикалық кеңістігінде түрлі концептілік құрылымдар арқылы тұрақталған концептілер жүйесіне негізделетіні анықталады.

Қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік бақылаудың жалпы жүйесін анықтайтын заңгерлік дискурс – семантикалық жағынан сараланған құрылым. Заңгерлік дискурстың концептілері ерекше әлеуметтік құбылыс ретіндегі құқықтық жүйені ұйымдастырады. Заңгерлік дискурстың концептілік құрамы заң концептосферасын қалыптастырады. Қоғамдық қатынастарды әлеуметтік реттеушілер ретінде танылатын құқықтық концептілерде кумулятивтік сипат басым болады. Құқықтық концептілер белгілі бір ұжымның тілдік санасында таным түсініктерінің кешенді мазмұнына ие күрделі құбылыс ретінде танылады. Бұл заңгерлік дискурстағы құқықтық концептілерді «мәдениеттен жеке санаға бағытталу» негізінде ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне негізделген ұлттық құндылықтармен байланыста зерттеуге негіз болады.

Кілт сөздер: дискурс, заң дискурсы, мәтін, концепт, концептілік жүйе, концептілік талдау.

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-48-58

Кіріспе

Ғылымның антропоэзектік бағыты өзекті екі мәселені шешу қажеттілігін тудырды: біріншіден, адамның тілге әсер етуі, екіншіден, тілдің адамға, адамның ойлау жүйесіне, мәдениетіне әсер етуі. Бұл мәселені шешу үшін біз дискурсқа жүгінеміз. Қазіргі лингвистикалық ғылыми ортадағы «дискурс» терминінің дефинициясы сараланып, заңгерлік дискурстың қоғам өміріндегі әлеуметтік қатынастарды реттеу және бақылау функцияларына негізделген сипаты анықталады. Заңгерлік дискурс концептілерінің қоғам мүшелерінің белгілі бір мәдени құндылықтарымен байланысты болатыны әрі тілдің семантикалық кеңістігінде түрлі концептілік құрылымдар арқылы тұрақталған концептілер жүйесіне негізделетіні сараланады. Қазақ заңгерлік дискурсындағы «Қылмыс» концептісін лингвомәдениеттану аспектісінде зерттей отырып, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары жүйесіндегі орны және лингвомәдени ақпараттық мазмұны анықталады.

Зерттеу әдістері

Жұмыс барысында дискурстың табиғатын ашу мақсатында анализ және синтез әдістері, заңгерлік дискурстағы «Қылмыс» концептісін талдауда концептілік талдау әдісі қолданылды.

Талқылау

Лингвистикалық зерттеулерге шолу жасау барысында «дискурс» терминінің әртүрлі түсінікке ие, ең көп мағыналы ұғымдардың бірі екенін байқаймыз. Дискурс ұғымы берілген дефиницияларда *сөз түрі, мәтін, мәтін типі, байланысты мәтін, байланысты сөз мәтіні* ретінде танылады. «Дискурс (франц. discours, сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір оқиғасымен байланысты нақты мәтін [1, 81].

Лингвистикада дискурс ұғымы мәтінмен байланысты қарастырылғанымен, өзіндік ерекшелігі анықталған. Дискурс тілдік қатынастың уақытқа тәуелді болатын динамикалық сипатымен, ал мәтін, көбінесе, статикалық нысан, тілдік қызметтің нәтижесі ретінде белгіленеді. Аталған лингвистикалық ұғымдардың өзіндік белгілерін анықтауда зерттеушілер түрлі негіздерге сүйенеді.

Тілші Н.Д.Арутюнованың анықтауынша: «Дискурс – оқиға аспектісінде алынған мәтін; мақсатты әлеуметтік іс-әрекет ретінде қарастырылатын сөз; адамдардың өзара іс-қимылдарына және олардың санасының (когнитивтік процестерде) механизмдеріне қатысатын компонент; экстралингвистикалық (прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б.) факторлармен жиынтықтағы жүйелі (связной) мәтін... Дискурс – «өмірге енгізілген» сөз ... мәтінге қарағанда дискурс нақты өмірмен байланыс тікелей қалпына келтірілмейтін ежелгі және басқа мәтіндерге қатысты қолданылмайды» [2, 136-137].

Е.С.Кубрякова мен О.В.Александрованың атап көрсетуінше «дискурс ретінде нақты сөз өндірумен (речепроизводство), тілдік шығарманы білумен байланысты когнитивтік процесті түсінудің керек, ал мәтін белгілі бір аяқталған (және бекітілген) формаға айналатын тілдік қызмет процесінің ақырғы нәтижесі болып табылады» [3, 19 б.]. Демек, дискурс нақты сөз өндірумен байланысты құбылыс ретінде анықталады, ал мәтін белгілі бір аяқталған және бекітілген формадағы сөз өндірудің өнімі ретінде танылады. Мәтін – тіл жүйесі мен лингвистикалық құзіретке қатысты коммуникативтік іс-әрекеттің нәтижесі, дискурс – сөзге және тілдік әрекетке қатысты мәтінді тудыру процесі. Бұндай нақты сөйлеуді оның нәтижесімен салыстыру арқылы мәтін оны қабылдаушы жеке адамның санасына түсіп қабылданған кезде дискурс ретінде түсіндіріле алатындығына көз жеткізуге болады.

Дискурс пен мәтіннің лингвистикалық табиғатын тануда, біздің ойымызша, зерттеуші Е.С.Кубрякованың пікіріне назар аударуға болады. Ғалымның тұжырымы бойынша: «адам тәжірибесі мен оны пайымдау фрагментін белгілемейтін мәтін болмайды. Мәтіннің бұл қасиеті оны концептуалдық және когнитивтік сараптау нысаны етіп алуға, яғни бұл мәтінде қандай ғалам бейнесімен таныстық, не және қандай себептен біздің назарымызды аударды, онда қандай білім және бағалау фрагменті бекітілген деген сауалдарға жауап алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге соңғы нәтижесінде дискурстық болып табылмайтын, яғни коммуникативтік қызметке әлеуметтік бағдарланбаған мәтіндер де болмайды. Бұл айтылғандардан мәтін мен дискурсты ажыратып тануға болатындығы, олардың мүлде бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар емес, яғни бір-бірін жоққа шығармайтындығы туралы қорытынды жасауға болады» [4, 38].

Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздеріндегі мәтін түзу мәселесін зерттеген Г.Садирова: «дискурс – өмірдегі, яғни шынайы уақыттағы нақты оқиғалардың тілге көшкен тізбегінің ағымы болса, мәтін – дискурс үзігі, ол жанр заңдылықтарына сай рәсімделеді немесе тіпті арнайы рәсімделмеуі де мүмкін. Сонымен қатар дискурс шынайы уақытта туса, ал мәтіннің өз ішінде сақтап қалған уақыты болады. Таратып айтсақ, шынайы уақытта белгілі бір дискурс нәтижесі болған мәтін ішіндегі уақыт шынайы

уақытқа сай түспейді» – деп, бұл жайтты мәтін мен дискурстың басты ерекшелігін танытатын негізгі белгінің бірі деп санайды [5, 11].

Зерттеуші Қ.Есенова дискурсты прагматикалық тұрғыдан талдауға қатысты мынандай пікір білдіреді: «біздіңше, дискурсты прагматикалық тұрғыдан талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда оқырман автордың сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады. Ал өз кезегінде адресант сол дүниені керекті нұсқада жасау үшін тілдегі семантиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады» [6, 36].

Қазіргі тіл біліміндегі дискурс пен мәтінге байланысты теориялық дереккөздерді талдау нәтижесінде дискурс ұғымы мәтінді түсінумен тығыз байланысты болатыны анықталып, дискурс пен мәтін арасындағы айырмашылықтың негізінде лингвистикада *дискурс* және *мәтін* термині қалыптасқан.

«Дискурс» ұғымының ауызша тілдесімге қатысты жиі қолданылатындығы, ал «мәтін» ұғымының жазбаша шығармаларға қолданылатындығы олардың арасындағы айырмашылықтарының тағы бір қыры болуы мүмкін деген пікірлер айтылғанымен, ол көзқарастарды «дискурс пен мәтін ауызша да, жазбаша да шығармаларды толықтай қамтиды» деген пікірлер жоққа шығарады. Олай болса, зерттеушілер *мәтін* мен *дискурс* ұғымдары бір-бірімен байланысты, бірақ теңбе-тең ұғымдар емес, олар бір-бірінен ұғымдарының көлемі мен зерттеу аспектісі бойынша ажыратылады деген пікірге тоқтайды. Сонымен дискурс – мәтіннің көлемді түрі, бірнеше мәтіннің байланыстылығы. Дискурс – бір уақытта тілдік әрекет процесі және оның нәтижесі, яғни мәтін.

Тілші-ғалым Г.Н. Смағұлованың пікіріне сүйенсек: «Дискурс – шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті. Яғни, сөйлеу қарым-қатынасына қатысушылардың әрқайсысының шынайы өміріндегі оқиғалардың тізбектеліп тілге көшуі мен сол арқылы дискурс нәтижесі мәтінге айналып, тілде сақталуы» [7, 10].

Дискурстың негізгі ерекшеліктері:

1 Тақырыптық байланыс, яғни бір тақырып – дискурс төңірегіндегі мазмұнның жиналуы;

2 Жағдаяттылық, коммуникативтік қарым-қатынас саласына сай, дискурс нақты мәселе төңірегінде құрастырылады;

3 Жылдамдылық, кейбір жағдайда тақырып өзгеріске ұшырай алады;

4 Әлеуметтік бағыттылық;

5 Әртекес құрылымдылық;

6 Мәтін шекарасының белгісіздігі;

Дискурстың мазмұндық толықтығын коммуникативтік жағдаят пен тақырыптық байланыс орындаса, вербалсыз сигналдар, атап айтқанда, мәтіннің аяқталғаны, үзілістер, басқа тақырыптарға көшу арқылы білінеді. Сондықтан да дискурсты коммуникациялық қарым-қатынастан тыс талдау мүмкін емес [7,11]. Демек, дискурс ауызша тілдесім арқылы көрініс тауып, мәтін арқылы сақталады әрі бір тақырып аясындағы мәтіндер жиынтығы арқылы құрылым күрделілігімен анықталады, белгілі бір әлеуметтік бағыттылығымен ерекшеленеді.

Т.А. ван Дейктің дискурс туралы пікірлерін В.В. Петров пен Ю.Н. Караулов саралай отырып, мынандай анықтама береді: «Дискурс дегеніміз – мәтінмен қатар, мәтінді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлардан (адресаттың ғалам туралы білімі, пікірі,

ұстанымы мен мақсаты) тұратын күрделі коммуникативтік құбылыс» [8, 8 б.]. Біздіңше, бұл анықтама дискурсқа қатысты айтылған пікірлерді жүйелеп тиянақтайды. Дискурс ұғымына бұл тұрғыдан келудің маңыздылығы лингвистиканың тіл, сөз, тілдік қызмет және дискурс сияқты іргелі ұғымдары арасындағы белгілі бір айырмашылықтың айқындалып, зерттеушілердің аталған ұғымдарды жалпылық және даралық тұрғысынан сипаттауымен дәйектеледі. Егер сөз тілдік қызмет пен дискурсқа қатысты ұғым ретінде түсіндірілсе, тілдік қызмет сөзді қабылдау мен жасау процесі, тілдік қабілеттерді жүзеге асыру және тілдік дағдыларды жетілдіру шарты ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік және қоғамдық қатынастарды реттеу сипатына қарай заң дискурсының өзіндік ерекшелігін саяси дискурспен салыстыра анықтауға болады. Саяси дискурстың параметрлері: а) қызмет ету саласы – саясат; б) негізгі уәжі мен тақырыбы – билік үшін күрес; в) коммуникативтік бағыттылығы – қоғамдық сананы манипуляциялаудың жоғары дәрежесі (саяси дискурста бұқараның санасына әсер ету іске асырылады); г) жалпы когнитивтік ерекшелігі – нақты деректерден құндылықтардың артықшылығы, ақпарат беруден әсер ету мен бағалаудың және эмоционалдылықтан рационалдылықтың басымдығы [9, 137].

Зерттеуші Е.И.Шейгал көрсеткен саяси дискурстың өлшемдеріне сүйене отырып, заңгерлік дискурстың категориялық құрылымындағы типтік ерекшеліктерін анықтаймыз: а) қызмет ету саласы – заңнама саласы (заңгерлік дискурс құқықтық мәселелер талқыланатын барлық жерде байқалады); б) негізгі уәжі мен тақырыбы – заңның мазмұны және қарастырылып отырған оқиғаның заңға сәйкестігі; в) коммуникативтік бағыттылығы – әлеуметтік қатынастарды реттеу (заңгерлік дискурста бұл функция заңның үстемдігі принципіне негізделіп орындалады); г) жалпы танымдық ерекшелігі – нақты деректердің құндылықтардан артықшылығы (тарихи қалыптасып дамыған жеке және ұжымдық құндылықтар), объективті ақпарат беру, рационалдылықтың эмоционалдылықтан басым болуы).

Заңгерлік дискурстың тілі – қазақ тілінің кәсіби салада жұмсалуды қамтамасыз ететін тіл. Ол қоғамда құқықтық реттеуді жүзеге асыру құралы ретінде қызмет етеді және кез келген дискурс тілі сияқты қазақ тілінің негізгі корпусымен тығыз байланысты болады.

Заңгерлік дискурс демократиялық қоғамда институтаралық және мәдениетаралық ортада қалыптасады да, саясат, дін және экономика сияқты мәдени институттардың құндылықтары мен қағидаттарына негізделеді. Демек, заңгерлік дискурстың маңызды сипаттамаларының қатарына оның құндылық жүйелерімен байланысын жатқызуға болады.

Заңгерлік дискурстағы «Заң», «Сот», «Билік», «Кінә», «Қылмыс» және т.б. әмбебап концептілердің тіл тұтынушысы – халық санасында ғасырлар бойы қалыптасқан лингвомәдени мазмұнмен астасып жатуы да аталған концептілердің құрылымдық ерекшелігін танытады.

Заңгерлік дискурста арнайы коммуникативтік міндеттер шешілетінін ескерсек, аталған концептілердің прокурордың айыптау сөзінде бұл сотталушының кінәсінің дәлелі ретінде, ал адвокаттың ақтау сөзінде соттың немесе алқабилердің сотталушының кінәсіздігіне, оның кінәсін жеңілдететін мән-жайлардың бар-жоғына немесе кем дегенде, одан әрі сот ісін жүргізуді орынсыз деп тануға мүмкіндік беретін жағдайларда интерпретацияланады.

Е.А. Кожемякин заңгерлік дискурсты ерекше феномен, мәдени код ретінде қарастырады: «Заңгерлік дискурстың тілі – институционалды ортада дәстүрлі түрде қолданылатын ерекше кодтардың бірі. Оның бірегейлігі концептуалды-семантикалық тілдік құралдарды (терминдерді), клишелер мен кеңсе сөздерін кеңінен қолдану, экспрессивтіліктің болмауы, синтаксистік құрылымдардың күрделілігі, жанрлық-стистикалық құралдарды шектеулі пайдалану және контекстуалдылық деңгейінің төмендігі арқылы көрінеді. Заңгерлік дискурстың барлық тілдік және стилистикалық құралдары, сондай-ақ мәтін түрлері, сөйлеу

актілері жеке адамдар арасындағы қатынастарды қалыпқа келтіру мақсатында жұмсалады. Заңгерлік дискурс арқылы біз құқықтық бекіту (легитимация), қоғамдық қатынастарды реттеу және бақылауға бағытталған белгілі бір тарихи және әлеуметтік-мәдени кодтармен (дәстүрлермен) реттелетін мағына тудырушы және қалыптастырушы қызметті анықтаймыз [10].

Заңгерлік дискурстағы концептілердің иерархиясын анықтау үшін концептілердің терминдік бекітілу деңгейінде аксиологиялық негізде семантикалық абстракция критерийінен басқа ақпараттық қанықтылық өлшемі де басшылыққа алынады. Абстракция және ақпараттық қанықтылық – салыстырмалы категориялар. Кез келген абстракция белгілі бір көлемдегі ақпаратты жинақтайды. Сөз семантикасының ақпараттық қанықтылығы сөздің кумулятивті қызметімен байланысты.

Нәтижелер

Заңгерлік дискурстың негізгі концептілерінің бірі – «Қылмыс» концептісін талдауда Р.И.Павиленистің мына теориясын пайдаланамыз: «Түсіндіріп, талдап берудің (интерпретация) фундаменталдық принципіне» сәйкес тілдік айтылымды түсіну, оның мағынасын игеру интерпретаторлар немесе анализаторлар ретінде қарастырылатын мағыналар құрылымын құруды білдіреді [11, 102]. Концептуалдық жүйенің қалыптасу үрдісіндегі тілдің рөлін қарастыра отырып, ғалым «табиғи тіл өзінен өзі концептуалдық жүйе болып табылмайды, бейнелеп айтсақ, ол бұл жүйеге «қоса өрілген (вплетен)», ол белгілі бір концептуалдық жүйенің мазмұнын одан әрі қарай құру және символды түрде көрсету үшін қызмет ететіндігін» анықтайды [11, 117]. Автордың пікірінше, тілдік айтылымдардың мағыналарын талдау концептуалдық жүйе факторына негізделуі тиіс. «Түсіндірудің фундаменталдық принципі» нәтижесінде түсіндірілетін объект басқа концептуалдық жүйелермен интегралданатын концептінің құрылымына айналады. «Нақты жүйедегі объектілердің бұндай түсіндірмесі дегеніміз... онда белгілі бір әлем туралы ақпарат құру болып шығады» [11, 210]. Басқаша айтсақ, «Қылмыс» концептісін талдау үшін сөздіктердегі анықтамаларды тілдік айтылымдар ретінде танып, пайымдау үшін белгілі бір «концептуалдық жүйені» құрудың мүмкіндігі туралы мәселе ретінде қарастырылады [11, 207].

«Қылмыс» концептісін талдау үшін қазақ тіліндегі «Қылмыс» концептісінің өзегін айқындап аламыз. Ол – «қылмыс» лексемасы.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөзге келесідей анықтама берілген: ҚЫЛМЫС зат
1. Қоғамдық құрылыс пен жеке бастың мүддесіне қарсы бағытталған іс-әрекет. Олар түгелге жақын не солдаттық қызметтен қашқандар, не қылмыс жасап, жазадан қашқандар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жабысқан екен бір бәле, Өсетін өндірі жасыңда. Қылмыспен қашқан ер болса, Мен айтпаймын жасырма (О.Шипин, Дастан.).

2. құқық. Қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды (ҚҰӘ). Бірақ көзін ашқалы милицияда істеп келе жатқан Қаталбай қылмысы болса, қолына түскен адамды аямайтын (Ж.Тәшенов, Алғашқы). Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржола бас тартса, ол осы қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс (Заң термин.анықт.сөздігі).

3. ауыс. Жалпы тәртіпке, жөн-жосыққа жат, жарамсыз қылық, күнә. – Осындай қарбалас уақытта қонып жатудың өзі қылмыс болады, қалаға жетіп бір-ақ тоқтаймыз, – деп өкіл кесіп айтты (С.Шаймерденов, Қарғаш). Бәлкім, тұлпар сол үшін де ызалы. Ызалыны бағалауға шабандауымыз біз әлі. Нағыз еркек тұлпарға ұқсас, айнам-ау, Саған қылмыс сол жайында

ойламау (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қылмысымыз емес шығар бір біздің, Жаңаруымнан жарық түнде мұңды үздім. Денесінің керектігі арқылы Мен ол қыздың керексізін білгіздім (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә) [12, 537].

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігінде «қылмыс» сөзі былай сипатталған: ҚР Қылмыстық кодексінде жазалау қатерімен тыйым салынған айып, қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік). Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді. (1997 жылдың 16 шілдедегі №167 ҚР ҚК 9-бап) [13].

Көріп отырғанымыздай, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «қылмыс» сөзі үш түрлі мағынада жұмсалған. Негізгі мағынасы «қоғамға немесе жеке тұлғаға қарсы әрекет» болса, екінші аталымдағы терминдік мағынасы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігіндегі мағынасымен ұқсас. Жазаланатын, тыйым салынған айып, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Ауыс мағынасы жат қылық, күнә ретінде танылып, діни мағыналық бояуы қоса берілгенін байқаймыз.

Сөздік қорда бұл сөзге келесідей анықтама берілген: ҚЫЛМЫС – қылмыстық заңнамамен қарастырылатын, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) [14].

«Криминологиялық терминдердің түсіндірме сөздігі» мен «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» берілген терминдік мағынасы бір-біріне жақын.

Демек, қылмыс қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік әрі ол қылмыстық заңмен жазаланады.

ҚЫЛМЫС–зат. Қоғамға қауіп тудыратын іс-әрекет; күнә, айып. Айбар да өзі қатысқан қылмысын жасырмай мойындады (4,53). Мұз құрсаған түнде де үні естіледі біреудің: «Жауыз жандар, қылмыстарың бастан асқан білемін, Сол үшін де тамұқтың ең шыңырауына жіберді» (5, 159)» [15].

Концептілер пәнаралық категория болғандықтан әлеуметтік ғылымдар сөздігінде берілген анықтамасын да сараласақ: ҚЫЛМЫС– Заңды немесе азаматтық жазаға тартылатын әрекет» [16].

Берілген анықтамалардан терминдік мәнге ие пайымдауларға концептуалдық талдау жасаймыз:

1. Қылмыс – қоғамға қауіпті әрекет;

– Ақтөбеде ерлі-зайыптылар жалған ПТР анықтамаларын сатқаны үшін жауапқа тартылады. Олар Ресеймен арадағы мемлекеттік шекарадан өтпек болғандарға қолдан құжат жасаған. Бұл жөнінде Ақтөбе қаласы Алматы ауданының прокуроры Жасұлан Дәулембаев хабарлады («Жалған анықтама бағасы – 7500 теңге» Жансая Есмағамбетова) [17]. Берілген сөйлемдегі «Қылмыс» концептісі қоғамға қауіпті әрекет мәнімен репрезентацияланып, «жалған ПТР анықтамаларын сату» сөйленісі арқылы интерпретацияланады да, оның қоғамға қауіптілігі «індеттің таралуына себеп болу, қоғамға қауіп төндіру» семантикасы коммуникаттардың аялық біліміне, жағдаяттық мәнмәтін мазмұнына байланысты ашылады.

2. Қылмыс – айып;

Тергеу органдары Жамбыл Нұрбаевқа Қылмыстық кодекстің 366- бабы 2-бөлігі (пара алу) бойынша айып тақты. Ал құрылыс компаниясының директорына Қылмыстық кодекстің 367-бабы 2-бөлігі бойынша (пара беру) және оның танысына Қылмыстық кодекстің 368-бабы 1-бөлігі бойынша (парақорлыққа делдал болу) айып тақты («Шенеуніктер сотталды» Жансая Есмағамбетова) [18]. Мысалда «Қылмыс» концептісі «Қылмыстық кодекстің 368-бабы 1-бөлігі бойынша (парақорлыққа делдал болу) айып тақты» сөйленісі арқылы интерпретацияланады. Берілген тілдік бірліктің ақпараттық мазмұны «Қылмыс» концептісінің матрицасында «айып» мәнді бөлшегінің ҚР Қылмыстық кодексі арқылы қоғамдық қатынастарды реттеуші Қазақстан Республикасының жоғарғы заң шығарушы органы қабылдаған, қылмыстық

жауапкершіліктің негіздері мен жағдайын белгілейтін, қандай іс-әрекеттің адам, қоғам және мемлекет үшін қауіпті қылмыс екендігін және қандай жаза түрлері мен қылмыстық құқықтық сипаттағы өзге шарттардың болатындығын анықтайтын нормативтік құқықтық актімен байланыстылығы ашылады. Бұл заң дискурсындағы «Қылмыс» концептісінің ақпараттық аясының кеңдігі және семантикалық мүмкіндігінің ерекшелігімен анықталады.

3. Қылмыс – жаза;

Мемлекеттік айыптаушы соттан Ж.Нұрбаевқа 4 жыл, Б.Утеповке 2 жыл, М.Т.Санкибаевқа 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруды сұрады. Сот Нұрбаевтың ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағанын ескеріп, оған 4 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады («Шенеуніктер сотталды» Жансая Есмағанбетова) [18]. Бұл мысалда «Қылмыс» концептісінің тағы бір семантикалық қыры ашылады, яғни кез келген қылмыстың жазалануы әрі оның заңнамада қарастырылған мазмұнына сай іске асырылатыны ашылады. Бұл дискурстағы тағы бір назар аударатыны – «ауыр қылмыс» семантикалық компоненті, ол «Қылмыс» концептісінің құрылымының күрделілігін анықтайды. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл сөзге келесідей анықтама берілген: **Ауыр қылмыс.** құқық. Қылмыстық құқықта көрсетілген жеке адамға, қоғамға не мемлекетке қарсы күрделі әрекет. «Қылмыс» концептісінің концептуалдық жүйесінің қылмыс түрлерімен астасып жатуы – талдау нысаны болып отырған концептінің құрылым күрделілігінің дәлелі [12, 537].

«Қылмыс» концептісінің семантикалық жағынан «қоғамға қауіпті әрекет», «айып», «жаза» тілдік бірліктері арқылы ашылуы Н.А. Кузьминаның концептуалдық талдауға қатысты пікірімен анықталады: «Элементтері бір ұғымды әртүрлі таңбалайтын негізгі метафоралық модельдер жиынтығы арқылы көрінетін» концепт өзегін бөліп көрсетумен байланысты болып келеді. Бұндай бөліп көрсетудің нәтижесінде бір-бірімен қиылысатын метафоралық модельдерден тұратын ассоциативтік-вербалдық желі пайда болады. ...бұл модельдердің сипатын ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы байланыстарды есепке алуымыз керек, себебі дүние санада сол модельдердің торы (сетка) арқылы «сүзіліп», трансформацияланады, категорияланады. Зерттеуші ғаламның көркем бейнесінің үзінін «когнитивтік-тілдік карта» деп атайды да, шын мәнісіне келгенде бұл дегеніміз – зерттелінетін құбылыстарды репрезенттейтін және одан әрі зерттеу міндеттерін шешуге қажетті, когнитивтіктен тілге, жалпылықтан жекелікке, формадан ойға, тілден мәтінге біртіндеп қозғалуды түспалдайтын мәтіннің ассоциативтік-мағыналық өрісі дейді [19, 229]. «Қылмыс» концептісін талдауда «қоғамға қауіпті әрекет», «айып», «жаза» тілдік бірліктеріне негізделген когнитивтік-тілдік карта түзу концепт мазмұнының көлемі мен семантикалық категориялануын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Заңгерлік дискурс аясында зерделенген «Қылмыс» концептісін талдау үшін тіл біліміндегі дискурс мәселесі жан-жақты зерделенді. «Қылмыс» концептісінің «қоғамға қауіпті әрекет», «айып», «жаза» сияқты когнитивтік құрылымдары анықталды. Концептінің дефинициясын тірек ете отырып, біріншіден, жиі қолданылатын сөз контекстерін бейнелейтін, екіншіден, сөз семантикасында өзгерістер жүріп отыратын барлық бағыттарды белгілейтін және ең ақырында сөз мағынасына толық лексикографиялық түсінік беретін «концептуалдық карта» жасауға талпыныс жасалды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Алматы. Орнак ЖШС, 2012. –338 б.
2. Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева – Москва : Сов. Энциклопедия, 1990. – С. 136–137.
3. Кубрякова Е.С. Виды пространств текста и дискурса / Категоризация мира: пространство и время: материалы научной конференции. - Москва: Диалог-МГУ, 1997. – С. 19-20.
4. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика-психология-когнитивная наука // Вопросы языкознания.-1994. -№4 – С. 36-40.
5. Садирова Г.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: Филол. ғыл. докт. диссерт. Авторефераты.– Алматы, 2008. – 55 б.
6. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде) // Филол. ғыл. докт. дисс. Авторефераты: 10.02.02./ Алматы, 2007. – 54 б.
7. Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы, 2008. – 17-18 б.
8. Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // Вступ. ст. «Дейк Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация». – Москва: Прогресс, 1989.– С. 5-11.
9. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса : дис. доктора филологических наук: 10.02.19/Волгоград, 2000. –287 с.
10. Кожемякин Е.А. Юридический дискурс как культурный феномен: структура и смыслообразование. [Электрон.ресурс]URL: http://konference.siberia-expert.com/publ/doklad_s_obsuzhdeniem_na_sajte/Kozhemjakin_e_ajuridicheskij_diskurs_kak_kulturnyj_fenomen_struktura_i_smysloobrazovanie/2-1-0-28 (дата обращения: 07.09.2016)
11. Павленис Р.И. Проблема смысла: Современный логико-функциональный анализ языка/ Р.И.Павленис. –Москва: Мысль, 1983. – 285 с.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. X том. Қ-М. –Алматы: Арыс, 2007. –752 б.
13. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігі. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ЖШС, 2007. – 1000 б. <https://sozdikqor.kz/>
14. Криминологиялық терминдердің түсіндірме сөздігі / Нәбиев Ж.Н.– Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2013. – 87 б. <https://sozdikqor.kz/>
15. Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш.Құрманбайұлы, С.Искакова Мұқағали тілі сөздігі. – Алматы, 2017. <https://sozdikqor.kz/>.
16. Бринкерхов Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл -464 б. <https://sozdikqor.kz/>.
17. Есмағамбетова Ж. Жалған анықтама бағасы – 7500 теңге. –Алматы: Заң газеті, №67. 2021. 24 тамыз. - 5 бет.
18. Есмағанбетова Ж. Шенеуніктер сотталды – Алматы: «Заң газеті», №66. 2021. 20 тамыз. - 7 бет.
19. Кузьмина Н. А. Концепты художественного мышления: к постановке вопроса // Проблемы деривации. Семантика. Поэтика. Пермь, 1991. – 287 с.

А.А. Bukayeva, G.O. Syzdykova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The concept of "crime" in the Kazakh legal discourse

Abstract. The article analyzes the concept of "crime" in the Kazakh legal discourse in the context of linguistic and cultural studies. It is determined that legal discourse is implemented in order to regulate and control social relations in the life of society, is connected with certain cultural values of members of society and is based on a system of concepts stabilized in the semantic space of the language through various conceptual structures.

Legal discourse, which determines the general system of Public Order and social control, is a semantically differentiated structure. Concepts of legal discourse organize the legal system as a special social phenomenon. The conceptual composition of legal discourse forms the conceptsphere of law. Legal concepts that are recognized as social regulators of public relations are dominated by a cumulative character. Legal concepts are recognized as a complex phenomenon that has a complex content of cognitive concepts in the language consciousness of a particular collective. It serves as the basis for studying legal concepts in legal discourse in connection with national values based on the peculiarities of national culture on the basis of "orientation from culture to individual consciousness".

Key words: discourse, legal discourse, text, concept, conceptual system, conceptual analysis.

А.А. Букаева, Г.О. Сыздыкова

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Концепт "преступление" в казахском юридическом дискурсе

Аннотация. В статье концепт «преступление» в казахском юридическом дискурсе дифференцируется в контексте лингвокультурологии. Установлено, что юридический дискурс реализуется с целью регулирования и контроля социальных отношений в жизни общества, связан с определенными культурными ценностями членов общества и базируется на системе концептов, стабилизированных в семантическом пространстве языка через различные концептуальные структуры.

Юридический дискурс, определяющий общую систему общественного порядка и социального контроля, является семантически дифференцированной структурой. Концепты юридического дискурса организуют правовую систему как особое социальное явление. Концептуальный состав юридического дискурса формирует концептосферу права. В правовых концептах, признаваемых социальными регуляторами общественных отношений, преобладает кумулятивный характер. Правовые концепты признаются в языковом сознании определенного коллектива как сложное явление, обладающее комплексным содержанием понятий познания. Это служит основой для изучения правовых концептов в правовом дискурсе в связи с национальными ценностями, основанными на особенностях национальной культуры на основе «ориентации от культуры к индивидуальному сознанию».

Ключевые слова: дискурс, юридический дискурс, текст, концепт, концептуальная система, концептуальный анализ.

References

1. Kaliev G. Til bilimi teriminderinin sozdigi [Terminological dictionary of linguistics] («Ornak», Almaty, 2012. 338 p.)
2. Arutyunova N.D. Lingvisticheski enciklopedicheski slovar' [linguistic encyclopedic dictionary] (M. Sov. Enciklopediya, 1990. 136–137p.)

3. Kubryakova E.S. Vidy prostranstv teksta i diskursa [Types of spaces of text and discourse], *Materialy nauchnoi konferencii Moskva: Dialog-MGU* [Materials of the scientific conference Moscow: Dialog-MGU], 1997. 19-20 p.

4. Kubryakova E.S. Nachal'nye etapy stanovleniya kognitivizma: lingvistika-psihologiya-kognitivnaya nauka [The initial stages of the formation of cognitivism: linguistics-psychology-cognitive science] // *Voprosy yazykoznaniiya* [Questions of linguistics] 1994. №4, 36-40. [in Russian]

5. Sadirova G.K. Kazak tilindegi kop propozitsiyaly diskurstyn kyrylymдыk negizderi: Filol gyl. dokt. diss. avtoreferaty [Structural foundations of a multi-propositional discourse in the Kazakh language: abstract of Doctor of Philological Sciences thesis]. 10.02.02. Almaty, 2008. 55 p.

6. Esenova K.O. Kazirgi kazak media-matininin pragmatikasy: kazak baspasoz materialdary negizinde: Filol. gyl. dokt. diss. avtoreferaty [Pragmatics of the modern Kazakh media text: based on the materials of the Kazakh press: abstract of Doctor of Philological Sciences thesis] 10.02.02. Almaty, 2007. 54 p.

7. Smagylva G.N. Sheshendik sozderdin diskursy [Discourse of oratorical words] (Almaty, 2008. 17-18 p.) [in Kazakh]

8. Karaulov YU.N., Petrov V.V. Ot grammatiki teksta k kognitivnoi teorii diskursa, «T.A. van Deik. Yazyk. Poznanie. Kommunikaciya» [From text grammar to cognitive discourse theory, «T.A. van Dyck. Language. Cognition. Communication»] (Progress, Moscow, 1989. 5-11p.)

9. Sheigal E.I. Semiotika politicheskogo diskursa : dis. doktora filologicheskikh nauk [Semiotics of political discourse: dissertation of the Doctor of Philology] 10.02.19 Volgograd, 2000. 287 p.

10. Kozhemyakin E.A. Yuridicheski diskurs kak kul'turnyi fenomen: struktura i smysloobrazovanie. [Legal discourse as a cultural phenomenon: structure and meaning formation] Available at: http://konference.siberia-expert.com/publ/doklad_s_obsuzhdeniem_na_sajte/Kozhemjakin_e_ajuridicheskij_diskurs_kak_kulturnyj_fenomen_struktura_i_smysloobrazovanie/2-1-0-28 (Accessed: 07.09.2016)

11. Pavilenis R.I. Problema smysla: Sovremennyyi logiko-funktsional'nyi analiz yazyka [The problem of meaning: Modern logical-functional analysis of language] (Thought, Moscow, 1983. 285 p.)

12. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomдыk. 10 tom. K-M. [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. X volume K-M] (Arys, Almaty, 2007. 752 p.)

13. Kazakstan Respublikasy koldanystagy zandarynyn zan terminderi men ygymdarynyn sozdigi [Dictionary of legal terms and concepts of the current legislation of the Republic of Kazakhstan] Astana, 2007. 1000p. <https://sozdikqor.kz/>

14. Nəbiev ZH.N. Kriminologiyalyk terminderdin tysindirme sozdigi [Explanatory dictionary of criminological terms] Oral, M. Otemisov atyndary BKMU redakciyalık baspa ortalygy, [Oral, Editorial and Publishing Center of the M. Utemisov WKSU] 2013. 87 p. <https://sozdikqor.kz/>

15. B.Kaliev, Zh. Tuimebayev, Sh.Kyrmanbaiyly, S.Iskakova Mykagali tili sozdigi [Dictionary of the Mukagali language] Almaty, 2017. <https://sozdikqor.kz/>

16. Brinkerhov D., Uejts R., Ortega S. Aleumettanu negizderi [Fundamentals of sociology] 9-basylym. Almaty: Yltytyk audarma byurosy [9th ed. Almaty: National Translation Agency] 2018. 464 p.

17. Esmagambetova Zh. Zhalgan anyktama bagasy – 7500 tenge [The cost of a fake certificate is 7500 tenge], Newspaper «Zan gazeti», №67. 24 august 2021. P. 5. <https://sozdikqor.kz/>

18. Esmaganbetova Zh. Sheneunikter sottaldy [Officials convicted] Newspaper «Zan gazeti», №66. 20 august 2021. P. 7.

19. Kuz'mina N. A. Koncepty hudozhestvennogo myshleniya: k postanovke voprosa // Problemy derivacii. Semantika. [Poetika. Concepts of artistic thinking: towards the formulation of

the question. Problems of derivation. Semantics. Poetics.] (Perm', 1991. 287 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер

Букаева Анар Айткалиевна - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сыздықова Гүлбаршын Олжабайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Bukaeva Anar Aitkaliyevna - 3rd year doctoral student of the L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Syzdykova Gulbarshyn Olzhabayevna - doctor of philological Sciences, Professor L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.